Бекітемін
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университеті
Сапа бойынша басшылық өкілі
_____________ А.Ошибаева
«_19_» _____________ 20_25_ ж

# САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

## УНИВЕРСИТЕТ СТАНДАРТЫ

***УС-ХҚТУ-001-2025***

## *УНИВЕРСИТЕТ СТАНДАРТЫН ДАЙЫНДАУ, КЕЛІСУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ТӘРТІБІ*

## АЛҒЫ СӨЗ

1. Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығымен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер – Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы С.Кырыкбаева
   – Бас сарапшы А.Бакирова
3. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Стратегиялық даму және сапа комитеті 2025ж. “19” наурыз № 1 к.т.к. шешімімен БЕКІТІЛІП ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ
4. ЕНГІЗІЛДІ – 2025ж.
5. Тексерілу мерзімі – 2028ж.

**Қызмет бабында пайдаланатын басылым**

**Түркістан**

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық
Қазақ-Түрік университеті
Сапа менеджментінің жүйесі
ЖҰМЫС ДАНАСЫ
№ 04
«19» 03 2025ж.

## 1 МАҚСАТ

Университет стандартының негізгі мақсаты университет стандарттарының мазмұнына, рәсімделуіне, дайындау тәртібіне, келісілуге, жоғары басшылыққа бекітуге және өзгерістер енгізуге қойылатын талаптарды орнату.

## 2 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

2.1 Университет стандарты Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің барлық құрылымдық бөлімшелерінде қолданылады.

2.2 Университет стандартының талаптары Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің барлық құрылымдық бөлімшелерінде міндетті түрде орындалуы тиіс.

## 3 СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР

- Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы
- Қазақстан Республикасының Ғылым туралы заңы
- Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі
- МЖМБС
- ISO 9001:2015
- ҚР СТ ИСО 9001-2016
- ҚП–ХҚТУ–7.5.3-2025

## 4 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Ахмет Ясауи университеті – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

СМЖ – Сапа менеджментінің жүйесі

ХС - халықаралық стандарт

УС – университет стандарты

ҚП – құжаттандырылған процедура

СРСО - Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы

## 5 ПРОЦЕДУРАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

### 5.1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1.1 Құрылымдық бөлімшелер басшылары, мамандар және Ахмет Ясауи университетінің қызметкерлері (әрі қарай - қызметкерлер) университет стандартын дайындауда Қазақстан Республикасының (әрі қарай – ҚР) «Білім туралы», «Ғылым туралы» заңдарын, ҚР МЖМБС-ін, университет Жарғысын және осы стандартты басшылыққа (жетекшілікке) алуы міндетті.

5.1.2 Университет стандарттары университеттің негізгі міндеттерін (функцияларын) құрылым бөлімшелер мен қызметкерлерге жұмыс талаптар орнату мақсатында жасалынады және олар ортасында осы міндеттерді бекітеді.

5.1.3 Университет стандарттары:

- Құрылымдар және қызметкерлер міндеттерін нормативті-бекітілген функциямен құрылымдарда істелініп жатқан жұмыстарының сәйкестіктерін анықтау ұйымдастыру-құқықтық негіз болады.

5.1.4 Университет стандарттары Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамаға, Университет Жарғысына, Ахмет Ясауи университетінің ұйымдастыру-үйлестіру құжаттарына, ішкі еңбек тәртібінің ережесіне сәйкес дайындалады.

5.1.5 Университет стандарттары Ахмет Ясауи университетінің СМЖ құжаттарының жинағына енеді.

## 5.2 УНИВЕРСИТЕТ СТАНДАРТЫ МАЗМҰНЫ

5.2.1 Университет стандарттары төмендегі баптардан тұрады:

1. Мақсат
2. Қолданылу саласы
3. Сілтемелік құжаттар
4. Атаулар, анықтамалар және қысқартулар
5. Процедураның сипаттамасы
6. Жауапкершілік

5.2.2 «Мақсат» бабында:

- университет стандартының негізгі мақсаттары көрсетіледі.

5.2.3 «Қолданылу саласы» бабында көрсетіледі:

- университет стандартының қандай құрылымдық бөлімшелерде қолданылатындығы;
- СМЖ құжаттарының қандай деңгейдегі құжаттарының құрамына кіретіндігі.

5.2.4 «Сілтемелік құжаттар» бабында университет стандартының негізі болған ұйымдастыру-құқықтық құжаттарды көрсету қажет.

5.2.5 «Атаулар, анықтамалар және қысқартулар» бабында университет стандартының мәтінінде кездесетін атауларды, анықтамаларды және қысқартуларды толығымен мазмұндайды.

5.2.6 «Процедураның сипаттамасы» бабында университет стандартындағы көрсетілген процедурасын (орындалу барысын) толық мазмұндалады және көрсетіледі:

- Жалпы ережелер;
- Университет стандартының мазмұны;
- Университет стандартының рәсімделуі;
- Университет стандартының дайындау, келісілу және бекітілу тәртібі;
- Университет стандарттарына өзгерістер енгізу тәртібі.

5.2.7 «Жауапкершілік» бабында қолданылып жүрген құрылымдық және қызметтік жауапкершілігі заңнамаға сәйкес көрсетіледі.

## 5.3 УНИВЕРСИТЕТ СТАНДАРТЫН РӘСІМДЕУ

5.3.1 Университет стандарты А тіркемесіне сәйкес рәсімделеді.

5.3.2 Университет стандартының мазмұны 5.2 бабының талабына сәйкес дайындалады.

5.3.3 Университет стандартында көрсетіледі:

- СМЖ құжаттарының дәрежесі;
- университет стандартының аталуы;
- университет стандартының индексі.

## 5.4 УНИВЕРСИТЕТ СТАНДАРТЫН ДАЙЫНДАУ, КЕЛІСІЛУ ЖӘНЕ БЕКІТІЛУ ТӘРТІБІ

5.4.1. Университет стандартының жобасын стандартты әзірлеуші құрылымдық бөлім басшысы және құрастырушысы дайындайды, Стратегиялық даму және сапа комитеті мәжілісінде талқыланып комитет қаулысымен қабылданады.

5.4.2 Университет стандарты университет Ректорымен және/немесе Сапа бойынша басшылық өкілі тарапынан бекітіледі.

5.4.3 Университет стандарты университет Ректорының бұйрығымен іске қосылады.

5.4.4 Университет стандарты Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығында тіркеледі. Бақылау данасы СРСО-да сақталады. Жұмыс данасы танысу парағына тіркеліп, әзірлеген құрылымдық бөлімде жұмыс бабында пайдаланады.

## 5.5 УНИВЕРСИТЕТ СТАНДАРТЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

5.5.1 Университет стандарты жойылғанға дейін қызмет етеді немесе жаңасымен ауыстырылады.

5.5.2 Университет стандарттарының аталуы өзгерген жағдайда университет стандарттары қайта бекітіліп ауыстырылады.

5.5.3 Университет стандарттарына өзгерістер әзірлеген құрылымдық бөлім тарапынан ұсыныс беріліп, Стратегиялық даму және сапа комитетінің шешімімен енгізіледі. Университет стандартына өзгертулер еңгізу тәртібі университет стандартының келісілу және бекіту тәртібімен бірдей.

5.5.4 Университет стандартының өзгертулері негізгі мәтінімен бірге сақталынады және Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығындағы нұсқаларына енгізеді.

## 6 ЖАУАПКЕРШІЛІК

6.1 Құрастырушысы (-лар) – осы университет стандартына сәйкес дайындалған университет стандарт талаптарының негізділігі мен мазмұнына жауапты.

**А тіркемесі**

Бекітемін
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университеті
Сапа бойынша басшылық өкілі
____________________ А.Ошибаева
«____» ________________ 20 ___ ж

# САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

## УНИВЕРСИТЕТ СТАНДАРТЫ

***УС-ХҚТУ-000-202__***

***реттік нөмір***

....................................................................................

*университет стандартының атауы*

## АЛҒЫ СӨЗ

1. ................................................. ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер – ..............................................................................
*Қызметі, аты-жөні*
– ..............................................................................
*Қызметі, аты-жөні*
3. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Стратегиялық даму және сапа комитеті 20 ___ ж. “___” _______________ № ______ шешімімен БЕКІТІЛІП ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ
4. ЕНГІЗІЛДІ – 202__ж.
5. Тексерілу мерзімі – 202__ж.

**Қызмет бабында пайдаланатын басылым**

**Түркістан**